



ШЕШІМ
2026 жыл 13 ақпан

РЕШЕНИЕ
2-01

Кеген ауылы

село Кеген

**Жер учаскесін немесе жер учаскесін
жалдау құқығын сату жөніндегі
сауда-сатыққа (аукциондарға)
шығарылатын жер учаскелерінің
тізімін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 48-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31, 37-баптарына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы №297 «Жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-сатықты» (аукциондарды) оның ішінде электрондық түрде, ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, Кеген ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жер учаскесін жеке меншікке немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-сатыққа (аукционға) Кеген ауылдық округінің елді мекенінің жерінен Кеген ауылы М.Мәметова көшесі 30 мекен жайынан 0,5000 га жер учаскесі бекітілсін.

2. Кеген ауданының «Жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-сатықты» (аукциондарды) жер учаскелерін жеке меншікке, жер учаскелерінің жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-сатықтың ұйымдастырылуын және өткізілуін қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

Округ әкімі



Е.Скаков

Жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнын анықтау АКТІСІ

1. Акт заңды тұлға Кеген ауданының « Жер қатынастары бөлімі » мемлекеттік мекемесінің өтінішіне сәйкес жер учаскесін бағалауға байланысты жасалды.
2. Жер учаскесінің кадастрлық номері:
3. Жер учаскесінің пайдалану мақсаты: құрылыстар мен ғимараттарға қызмет көрсету үшін
4. Жер учаскесінің тұрған орны: Алматы облысы Кеген ауданы Кеген ауылы М. Маметова көшесі 30
5. Жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнының есебі (меншік құқығы)

Аймақ нөмірі (елді мекендердің жері үшін) алап түрлері, топырақ типтері мен типтік тармақтары (ауыл шаруашылық мақсатындағы жер үшін)	Көлемі, шаршы м.	Жерге төленетін құнның мөлшері, 1 ш.м. үшін теңге	Түзету коэффициенті	Бағалау құны теңге
	5000	219	1,29	1412550

1. Жер учаскесінің (жерді пайлану құқығының) кадастрлық (бағалау) құны: 1 412 550 (бір миллион төрт жүз он екі мың бес жүз елу і теңге) теңге құрайды.

Жер телімінің кадастрлық (бағалау) құны « Азаматтарға арналған үкімет » мемлекеттік корпорациясы » коммерциялық емес акционерлік қоғамының Алматы облысы бойынша филиалы – « Кеген аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімімен анықталды.

« Азаматтарға арналған үкімет » МК
КеАҚ Алматы облысы бойынша филиалы
Кеген аудандық тіркеу және жер
кадастры бөлімі басшысы



Ұ. Асылбеков

МО

« 03 » 03 20 26 ж.